

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының
білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай балабақшасы жекеменшік
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Әдістемелік кеңес



2025-2026 оқу жылы

Бекітемін:
«Жансәби» бөбекжай балалакша
менгерушісі: Спарбаева Г.А.



2025-2026 оқу жылының әдістемелік кеңес жоспары

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескеру
1	Балабақшаның күн тәртібі мен оқу іс әрекеттер кестесін құру	тамыз 2025ж	Әдіскер	
2	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарын құру	қыркүйек 2025ж	Әдіскер	
3	Ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау	қазан 2025ж	Тәрбиешілер, Әдіскер	
4	Тәрбиешілерге арналған байқаулар ережесін дайындау.	қаңтар 2026ж	әдіскер	
5	Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық жобалар жоспарын дайындау	сәуір 2026ж	әдіскер	

Хаттама №1

29.08.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның күн тәртібі мен оқу іс әрекеттер кестесін құру
2. Жаңа оқу жылына әдістемелік кеңес беру.
3. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша кеңес өткізу.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Сөйледі:

Әдіскер Темірхан С.Б. 2025-2026 оқу жылына арналған жоспар мен білім сапасын жақсарту мақсатында инновациялық тәсілдерді қолдана білуде педагог мамандарымыздың сауаттылығы маңызды екенін атап өтті. Осы мақсатты жұмыстың негізгі барысы балабақша ішіндегі белгіленген күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің маңызы екенін және оның сапасын арттыру кергін мысал етті.

Күн тәртібі:

1. Таңертеңгі қабылдау
2. Аа-аналармен әңгімелесу, кеңес беру
3. Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)
4. Таңертеңгі жаттығу
5. Таңғы ас
6. Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық
7. Ұйымдастырылған іс-әрекет
8. Серуенге дайындық
9. Серуен
10. Серуеннен оралу
11. Түскі ас
12. Күндізгі ұйқы
13. Біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары
14. Бесін ас
15. Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)
16. Балалармен жеке жұмыс
17. Серуенге дайындық
18. Серуен

19. Балалардың үйге қайтуы

Күн тәртібін орындау кезеңдерінде балалардың жас ерекшелігіне аса мән беру қажет. Балаларға күн тәртібін ұтымды пайдалану және қызықты ету әрбір педагогтың шеберлігі.

Қазақстан болашағы – білімді де тәрбиелі ұрпақ. Осы мақсатта ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама балабақшадан бастап мектеп пен колледжге дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі тәрбие жұмысын жүргізуге бағытталған. Оның басты мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дарытып, патриоттық рухты қалыптастыру, әділдік пен еңбекке баулу.

Бағдарламаның негізгі бағыттары

Бағдарлама тәрбиенің үштағанына сүйенеді:

Ұлттық бірегейлікті сақтау,

Қоғамға қызмет ету,

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осы құндылықтар негізінде тәрбие жұмысы төмендегі бағыттармен жүргізіледі:

- Тәуелсіздік пен отаншылдық;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік пен жауапкершілік;
- Заң мен тәртіп;
- Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік;
- Жасампаздық пен жанашылдық

Шешім:

1. Перспектива мен циклограмманың балалардың жас ерекшелігіне сай болуын ескеру.
2. Қауіпсіздік іс-шаралар өткізу.
3. Ағымдағы жылдың оқу жоспарына сай жоспар құру және әрекет ету.
4. «Біртұтас тәрбие» аясында жұмыс атқару.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Темірхан С.Б.
Касынбекова К.А.

Хаттама №2

03.09.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарын құру

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Сөйледі:

Әдіскер Темірхан С.Б. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық құндылықтар мен патриотизм негізі. Мектепке дейінгі ұйым барысындағы бағдарламаның негізгі мақсаты-ұлттық құндылықтарды дәріптеу, балалардың бойына адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, мейрімділік, патриоттық сезім, экологиялық мәдениет, және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру екенін атап өтті. Тәрбиешілер балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тәрбиелік жұмыстарды ойын, шығармашылық, танымдық, еңбек және мерекелік іс-шаралар арқылы ұйымдастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

Талқыланды:

- Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тәрбиелік ортаны қалыптастыру.
- Аата-аналармен бірлескен тәрбиелік жұмыстарды күшейту.
- Мемлекеттік мерекелер мен ұлттық мерекелерді тәрбиелік бағытта өткізу.
- Экологиялық және еңбек тәрбиесін күнделікті әрекетке енгізу.
- Қауіпсіздік мәдениеті мен әдеп нормаларын жүйелі қалыптастыру.

Шешім:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы оқу жылы бойы барлық топтарда жүйелі жүзеге асырылсын.
2. Ай сайын тәрбиелік бағыттағы іс-шаралардың тақырыбы бекітілсін және ұйымдастырылсын.

Хаттама №3

06.10.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Талқыланды:

Әдіскер Темірхан С.Б. Балабақша ішінде өтіліп жатқан оқу жоспарының барлық іс-әрекеттері жайында сөз қозғап, тәрбиешілерге әдістемелік кеңестер беріп қолдау көрсетті. Тәрбиешілердің оқу қызметінде пайдаланып жатқан көрнекіліктері мен оқу құрал жабдықтары бойынша жаңартылған инновациялық әрекеттерді қолдануға кеңес берді. Балалардың шығармашылық жұмыстарын одан әрі кең көлемде өткізуді жоспарлады. Балабақша ішіндегі ішінара ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін бекітіп, тақырыптық жобаларды құрды.

Іс-шаралар мен көрмелер шығармашылық талапқа сай және балалардың жас ерекшелігіне аса мән беру ұсынылды.

Шешім:

1. Ұйымдастырылған байқаулар ережесін бекіту
2. Балалармен шығармашылық жұмысты дамыту
3. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Сапарбаева Г.А.

Касынбекова К.А.

Хаттама №4

08.01.2026 жыл

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиешілерге арналған байқаулар ережесін дайындау.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Талқыланды:

Әдіскер Темірхан С.Б.

- Тәрбиешілердің біліктілігін арттыру бойынша курстардан өтуді қадағалау
- Тәрбиеші мен тәрбиеленуші жетістіктерін саралау және мадақтама беру
- Тәрбиешілердің түрлі байқауларға қатысуына ұсыныс білдіру және байқау ережелерін бекіту.
- Әрбір тәрбиеші жетістіктеріне баға беру

Тәрбиеші-балабақша жүрегі. Балалармен тығыз қарым-қатынас жасауда тәрбиешінің мейрімділігі мен қамқорлығы аса маңызды. Тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасындағы түрлі байқаулар олардың дүние танымын кеңейтіп, қызығушылығын арттырады. Осы мақсатта ұйымдастырылған байқаулар жүйесіде қызықты болуы шарт. Тәрбиешілер арасындағы байқаулар олардың табандылығы мен жаңашылдығының айқын бейнесін көрсетеді. Әрбір байқау жаңа көзқарас, жаңа идея.

Шешім:

1. Байқаулар ережесін бекіту және таныстыру.
2. Тәрбиешілерді жаңа жетістіктерге жетелеу және баға беру.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.

Хаттама №5

02.04.2026 жыл

Күн тәртібінде:

1. Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық жобалар жоспарын дайындау.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Темірхан С.Б.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 2

Сөйледі:

Әдіскер Темірхан С.Б. Экологиялық тәрбие – балаларға табиғат пен қоршаған орта туралы білім бере отырып, оларда табиғатқа жанашырлық, жауапкершілік сезімін қалыптастыру процесі. Балалар табиғатты танып-білу арқылы оның маңызын түсінеді және оны қорғау қажеттілігін сезінеді. Бұл процесс тек ақпарат берумен шектелмей, баланың ішкі дүниесіне әсер етіп, оның экологиялық мәдениетін қалыптастырады. Балалармен бірге өсімдіктер отырғызу, гүлдерге су құю, шағын бақша ұйымдастыру – олардың табиғатқа қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастырады. Мұндай тәжірибелік жұмыстар арқылы балалар табиғатқа тек бақылаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде араласады. Тәжірибелік әрекеттер барысында балалар өсімдіктің өсу кезеңдерін өз көздерімен көріп, оның тіршілігіне қажетті жағдайларды (су, жарық, жылу, топырақ) түсінеді. Мысалы, тұқым егіп, оның күн сайын қалай өсіп келе жатқанын бақылау балаларға үлкен қызығушылық тудырады және шыдамдылыққа тәрбиелейді.

Көрмелер мен байқаулардың жоспарын құру және бақылау. Әрбір өтілген іс-шаралар ұлттық құндылығымызды дәріптейтін, балаларды адалдыққа, мейрімділікке, отан сүйгіштікке, табиғатты аяулауға негізделуі тиіс.

Күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттегі жұмыс жоспарын сапалы және балаларға қызықты етіп өткізу ұсынылды. Тәрбиеленушілердің жан-жақты дүниетанымын кеңейту барысында инновациялық тәсілдерді пайдалану және оны жүзеге асыру қажеттігі айтылды.

Сөйледі: Тәрбиеші Мәжіт А.Н. «Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға экологиялық тәрбие беру» баяндамасын оқыды. Тәрбиешілерге бағыт-бағдар беріп, түрлі ұсыныстар білдірді. Экологиялық жобалар бойынша жоспар дайындауға пікір білдірді. Экологиялық ақпарат беруде балаларға күнделікті оқу іс-әрекетке кіріктірудің маңыздылығын атап өтті.

Шешім:

1. Экологиялық ақпараттық шаралардың жоспарын бекіту.
2. Көрмелер мен байқаулардың саны мен сапасын арттыру.
3. Қорытынды мониторинг әзірлеу.
4. Балалардың жеке жаму картасын толтыру.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.